



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2018 жылдың 07 желтоқсаны

Қазақстан қор биржасы KASE day in Astana өткізді

2018 жылдың 07 желтоқсанында Қазақстан қор биржасы (KASE) Астана қаласында Биржаның 25-жылдығына арналған KASE day in Astana таңғы бизнес-асын өткізді.

KASE жетекшілігі іс-шараға қатысушыларға Биржаның қызметі, биржалық нарықтың ағымдағы трендтері және KASE жобалары туралы әңгімеледі. Биржаның өкілдері Биржа стратегиясын іске асыру шегінде KASE дамуының жуырдағы үш жылға жоспарларымен және Қазақстанның қаржы нарығындағы ағымдағы жағдай туралы ақпараттандырды.

Таңғы бизнес-ас барысында Биржаның өнімдері мен қызметтері, жаңа мүмкіндіктер, бизнес үшін ашылатын мүмкіндіктер туралы әңгімеледі.

Іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, ұлттық компаниялардың топ-менеджерлері, ірі жекекомпаниялардың жетекшілері, жетекші отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылды.

Құрылған сәттен бастап KASE Қазақстанның қаржы нарығының ажырамас құрылымдық бөлігі борлып табылып, отандық экономикада маңызды орын алады. Биржа бағалы қағаздар нарығын капитал тарту көздерінің бірі және инвестициялар диверсификациясының әдісі ретінде қалыптастырып, ұсынады.

Bloomberg мәліметтері бойынша, 2016–2018 жж. KASE Индексі ең тез дамып келе жатқан қор индекстерінің ТОП-3 кірді. Соңғы бес жылда KASE акциялар нарығының капитализациясы үш еседен астам артып, ал жалпы сауда-саттықтар көлемі бес есеге өсті.

Биржаның ақпараттар ұсыну және тұрғындардың қаржылық сауаттылығы мен инвестициялық мәдениетін арттыру бойынша белсенді саясаты арқасында, Қазақстандағы жеке инвесторлардың саны тұрақты өсіп келе жатыр. Орталық бағалы қағаздар депозитарийінің есепке алу жүйесінде жеке тұлғалардың 113 мыңнан астам есеп-шоттары ашылды.

KASE қазақстандық компанияларға қаржылық ағымдарды тиімді басқару үшін құралдардың кең спектрін ұсынады.

Бүгінгі таңда отандық компаниялар KASE арқылы өзінің әрбір даму кезеңінде қаржы тартудың ерекше мүмкіндігіне – жоба стартапынан бизнесті дамытуға дейін мүмкіндіктерге ие бола алады.

Сол үшін 2018 жылы KASE компанияның өмірлік циклінің әрбір кезеңінің талаптарына жауап беретін, алаңдар құру процесін аяқтады. Атап айтсақ, KASE Startup, KASE Private Market, Балама және Негізгі сауда-саттық алаңдары.

2016 жылы Биржа "Коммерциялық облигациялар" биржалық өнімін әзірлеп, оны енгізді. Ол нарықтағы өтімділік тапшылығы жағдайында кассалық үйлеспеушілікті басқару үшін тиімді құрал болып табылды.

2018 жылы KASE компанияның валюталық позициясын басқару тиімділігін арттыру үшін есептесуі АҚШ долларымен листингтік еурооблигациялармен сауда-саттықты іске қосты.

KASE жаңа даму стратегиясын дамыту аясында бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғыртуды, барлық биржалық нарықтарда орталық контрагентті іске қосуды, клирингтік сервисті кеңейту және жаңа қаржы құралдарын енгізуді жоспарлап отыр.

Анықтама үшін

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және қаржы нарығында жұмыс істейтін Қазақстандағы жалғыз қор биржа болып табылады. Бұл - репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның «Қор биржасы тұрақты даму үшін» бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМДң қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz